

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 1834

Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің қарауындағы білім және денсаулық сақтау мекемелерін ұстауға байланысты шығыстарды жүзеге асырған көлік-коммуникация кешенінің мекемелері мен ұйымдары алдындағы берешекті қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен бюджетке салық төлемдері және басқа да қарыз міндеттемелері бойынша республикалық бюджет алдында берешегі бар көлік-коммуникация кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдары арасында жалпы сомасы 926698 мың (тоғыз жүз жиырма алты миллион алты жүз тоқсан сегіз мың) теңге берешекке бір жолғы есептеу жүргізсін (1.2 қосымшалар).

Аталған сома азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің қарауындағы білім және денсаулық сақтау мекемелерін ұстауға байланысты шығыстарды жүзеге асырған көлік-коммуникация кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдарын қаржыландыру есебіне есептелсін.

2. Берешекті есептеу 1995 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша, аталған сомаларды республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
21 желтоқсандағы
N 1834 қаулысына

ҚОСЫМША

Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру

үшін есептеуге қабылданған, республикалық бюджетке
төлем жөнінде берешектері бар көлік-коммуникация
кешенінің мекемелері мен ұйымдарының
Тізбесі

(мың теңге)

Кәсіпорындар атауы	Берешектер	
	Барлығы	оның ішінде:

		қосылған құнға заңды тұлға-
		салынатын сал.лардан алынатын
		лық табыс салығы

Алматы теміржол басқармасы	12948	12948
Тың теміржол басқармасы	1549	1549
Оңтүстік Орал теміржолы		
Петропавл бөлімшесінің басқармасы	5150	5150
Батыс Қазақстан теміржол басқармасы	1232	1232
"Қазақтелеком" ҰАҚ	188283	188283
"Қазақстан әуе жолы" ҰААҚ	30199	30199
Почта байланыстарының республикалық мемлекеттік кәсіпорны	19823	19823
Алматы облысы жолаушылар		

автокөлік ӨБ Есік автобус			
паркі	654	654	
Қостанай облысы			
жолаушылар автокөлігі ӨБ			
Семиозер ЖАКП	466	466	
Жолаушылар көлігі			
Талдықорған ӨБ	586	586	
"Веспа" жолаушылар			
автоэлектркөлігі АҚ	1742		1742
Жиыны	262632	23078	239554

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
21 желтоқсандағы
N 1834 қаулысына
2 қосымша

Білім және денсаулық сақтау мекемелерін ұстауға

жұмсалған шығыстар үшін есептеуге қабылданатын,
республикалық бюджетке төлем жөнінде берешектері
бар көлік-коммуникация кешені ұйымдарының

Тізбесі

(мың теңге)

Берешектер

Оның ішінде:

Кәсіпорындар атауы	Барлығы		
	қосылған	заңды	экономиканы
	құнға	тұлға.	қайта жаң.
	салына.	лардан	ғырту қоры
	тын салық	алынатын	
		табыс	
		салығы	

Алматы теміржол

басқармасы 307525 307525

Тың теміржол

басқармасы 224632 64032 160600

Оңтүстік Орал

теміржолы Петропавл

бөлімшесінің басқармасы 131909 116385 15524

Жиыны 664066 64032 423910 176124